# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 21 тамыз №7119-25-00-2/8811 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕРЛЕР:**
«Алтынбекова» ( Алтынбекова Злиха Даулетовна) дара кәсіпкері
«Динмухамбет» (Мырзахметов Динмухамбет Ахметжанович ) дара кәсіпкері

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

**ШЕШТІ:**

Талап қоюшы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «Алтынбекова» (Алтынбекова Злиха Даулетовна) дара кәсіпкеріне, «Динмухамбет» (Мырзахметов Динмухамбет Ахметжанович ) дара кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

«Алтынбекова» ( Алтынбекова Злиха Даулетовна) дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Алтынбекова» ( Алтынбекова Злиха Даулетовна) дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Мырзахметов Динмухамбет Ахметжанович) дара кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

**Судья** **С.Т.Бертыбаева**

Документ подписан: Бертыбаева С. Т., 21.08.2025

Дата вступления в законную силу: 01.10.2025, судья Батқалова Г. М., 03.10.2025

7119-25-3-1/8770